

Турлыбекова Н.М.
**Қазақстан Республикасының
көліктік-логистикалық
инфрақұрылымы**

Заманауи экономикалық жағдайда елдің көліктік-логистикалық инфрақұрылымын жоспарлауға және инфрақұрылымдық бөлімдердің орналасуына үлкен көңіл бөлінуде. Экономиканың инновациялық даму жағдайында, көлік мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық өркендеуінің аса маңызды факторы ретінде қарастырылады. Мемлекеттің көліктік жүйесі: – елдің экономикалық кеңістігінің бірлігін; – аймақаралық және халықаралық тасымалдау мен экономикалық байланыстарды жетілдіруді; – өндіріс күштерін ұтымды бөлуді; – елдің табиғи ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалануды; – кәсіпкерлік қызметті дамытуды, халықаралық ынтымақтастықты дамыту мен кеңейтуді қамтамасыз етеді. Көліктік-логистикалық нарықтағы ғаламдық үрдістердің қарқынды дамуы елдің логистикалық компанияларынан өздерінің бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру және логистикалық инфрақұрылымның дамуы үшін өз қызметтерінде озық технологияларды және инновациялық схемаарды қолдануды талап етуде.

Түйін сөздер: логистика, көліктік-логистикалық инфрақұрылым, транзиттік потенциал, логистикалық хаб, көлік, порт, автомобильді көлік, әуе көлігі, теміржол көлігі, теңіз көлігі.

Turlybekova N.M.
**Transport and logistics
infrastructure of the Republic of
Kazakhstan**

In the current economic conditions of the infrastructure and the design departments of transport and logistics infrastructure of the country is important. In terms of innovation development of economy, transport is seen as a major factor of social and economic growth of the state. The transport system of the country provides: – unity of the economic space of the country; – improvement of inter-regional and international transport and economic links; – rationalizing the distribution of productive forces; – more efficient use of natural resources; – business development and the development and expansion of international cooperation. Accelerated development of the processes of globalization on the world of transport and logistics market, logistics companies require the country's widespread use in the work of advanced technology and innovative schemes to enhance the company's competitiveness and further development of logistics infrastructure.

Key words: logistics, transport and logistics infrastructure, transit potential, logistics hub, transport, port, road transport, air transport, railway transport, sea transport.

Турлыбекова Н.М.
**Транспортно-
логистическая инфраструктура
Республики Казахстан**

В современных экономических условиях размещению инфраструктурных подразделений и проектированию транспортно-логистической инфраструктуры страны придается большое значение. В условиях инновационного развития экономики транспорт рассматривается в качестве важнейшего фактора социально-экономического роста государства. Транспортная система страны обеспечивает: единство экономического пространства страны; совершенствование межрегиональных и международных транспортно-экономических связей; рационализацию размещения производительных сил; повышение эффективности использования природных ресурсов страны; развитие предпринимательской деятельности и развитие, а также расширение международного сотрудничества. Ускоренное развитие процессов глобализации на мировом транспортно-логистическом рынке требует от логистических компаний страны широкого использования в своей работе передовых технологий и инновационных схем для повышения конкурентоспособности компании и дальнейшего развития логистической инфраструктуры.

Ключевые слова: логистика, транспортно-логистическая инфраструктура, транзитный потенциал, логистический хаб, транспорт, порт, автомобильный транспорт, воздушный транспорт, железнодорожный транспорт, морской транспорт.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КӨЛІКТІК-
ЛОГИСТИКАЛЫҚ
ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ**

Қазақстан Еуразия материгінің ортасында орналасқан. Континенттің шығыстан батысқа, оң түстіктен сол түсітке созылатын меридиандарының қиылысы еліміздің аумағынан өтеді. Осындай стратегиялық орынды мемлекет барынша қолданып, оны ұлттық мүддеде ел экономикасы мен тұрақтылығын нығайту мақсатында қолдану керек. Ондай жолдардың бірі әрі бірегейі – көлік инфрақұрылымын дамыту. Сол арқылы мемлекеттің барлық көлік түрлері бойынша транзиттік потенциалын арттыру және Еуразиядағы ең маңызды хабтардың біріне айналдыру.

Қазіргі таңда ел Үкіметі көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатымен түрлі стратегиялық бағдарламалар әзірлеу үстінде. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, көлік саласы дамыса, ол мультипликативті эффект беріп барлық экономиканың салаларын ілгері тартады. Көлік сегменті өзі өте ерекше, әрі күрделі сала болып табылады. Ол еш өнім түрін өндірмейді, оның басты қызметі экономиканың түрлі салаларын бір-бірімен байланыстырып, оларға қызмет көрсету. Яғни, көлік саласы барлық қызмет көрсету салаларының ішінен ең маңызды, әрі мемлекеттік дәрежеде қолдауды қажет етеді. Жапония елінің аумағы Қазақстаннан бірнеше есе аз болғанымен де, бұл елдегі тек автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 1 200 000 км асады. Қазақстан 2020 жылы көлік-логистикалық инфрақұрылымы дамыған 40 елдің қатарына кірмекші, ол бұл өз кезегінде елге өте жоғары пайда алып келеді. Көлік саласының неғұрлым дамыса, елдің стратегиялық түрде логистикалық хабқа айналуы мемлекеттің халықаралық сахнадағы геосаяси жағдайын да жақсартады.

Осы таңда ел аумағында көлік-логистикалы кешенді дамыту мақсатымен ірі-ірі трансконтиненталды магистральдар, темір жолдар, теңіз порттары, әуе байланысына қатысы жобалар іске асырылуда. Олардың ең басты инвесторы ретінде мемлекет танылады. Бұл жобалар шетелдермен және әлемдік қаржы институттарыме бірлескен мега жобалар болып табылады. Олардың қатарында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай», «Қорғас» ШБХО, «Ақтау порты», Лялюньган, Клайпеда секілді әлемдік порттарда өз логистикалық кешенін құрып, Астана мен Алматы халықаралық әуежайларын дамыту бағдарламалары қолға

алынып жатыр. Қытай тарапынан ұсынылып, Қазақстанның зор қолдауын тапқан «Жаңа Ұлы жібек жолы» жобасы да бар.

Қазіргі әлемдік көлікте автомобильді транспорттың даму тенденциясы байқалуда. Автомобиль көлігінің бар мүмкіншілігін қолдану арқылы оның транзиттік потенциалын арттыру мәселесі Қазақстан үшін өте өзекті болып табылады. Әлемде жер аумағы бойынша 9 орын алатын еліміз үшін бұл проблеманың өзектілігі кеуеннен күнге сезіліп келеді. Мемлекет тарапынан қабылданған «Нұрлы жол» бағдарламасы өз категориясында әлем кеңістігінде тек Қытайда ғана бар бағдарламамен сай келіп, саланың проблемаларын шешу жолында таптырмас құрал болып отыр. Іске асырылып жатқан жоба бойынша елордадан еліміздің барлық аймақтарына сәулелі принциппен автобандарды салу ел дамуына үлкен серпін береді. Астана – Оңтүстік, Астана – Солтүстік, Астана – Шығыс, Астана – Батыс, Алматы – Өскемен бағыттары бойынша құрылысы жүріп жатқан жолдар елдің аймақтарын елордамен байланыстырып, өз араларында бір-бірімен байланыстырып, арақашықтықты күрт төмендетеді. «Батыс Еуропа–Батыс Қытай» жобасы Қазақстан, Қытай, Германия елдерінің инвестициясына салынып, ел тарихында ең маңызды инфрақұрылымдық жоба болып табылды, ал континент шеңберінде ең заманауи және стратегиялық потенциалы жоғары деп танылды. Сол жол арқылы индустриалды Қытайдан, Оңтүстік-Шығыс Азиядан Еуропаға бағытталған контейнерлер 16 тәулік ішінде жетеді, ал альтернативті су жолымен жүрсе 45 тәулік жүреді. Бұл жоба 2016 жылы толығымен құрылысы бітіп, эксплуатацияға берілмекші.

Қазақстан әлемдік мұхит ең алшақ орналасқан және ең ірі мемлекет болып табылады. Мұхитқа шыға алған мемлекеттердің даму потенциалы жоғары. Сол себептен Қазақстан Қытайдың Ляньюнган сияқты, Клайпеда Балтық теңізінің жағалауындағы, Грекияда бірнеше портты құруды іске асырып жатыр. Сол порттар арқылы Қазақстан өзінің өндірістік тауарларын басқа елдерге, өзге елдерге жүктерді буып-тиеу қызметін көрсету арқылы кірісін арттыруға мүмкіндік алады. Қазақстандағы Каспий жағалауында орналасқан Ақтау порты да өте стратегиялық мағынаға ие. Ол арқылы еліміз Кавказ елдерінен Жерорта теңізіне шыға алады. Теңіз жолдарын дамытып, сол жерде көрсетілетін қызмет түрлерін арттыру, соның арқасында стратегиялық хабқа айналу маңызы зор. Бірақ су жолдарына шығу мүмкіндігіміз шектеулі

болғандықтан мемлекет ел аумағында құрғақ порттарды да салуды бастап, Алматы обласында Қытаймен шекарада халықаралық келісіммен Қытаймен бірігіп «Қорғас» құрғақ портын дамытып жатыр. Біздің ел шеңберінде тек 1 ғана бұндай порттың болуы аздық етеді. Сондықтан елдің Оңтүстік өңірінде және солтүстік өңірде де осындай порттар қажет. Олардың бірнеше ірісі болса, онда ол өз кезегінде шекаралас мемлекеттермен сауда-саттықты дамуына, соның көлемінің ұдайы өсуіне алып келеді. Қазақстан үшін «Қорғастың» мәні зор болғандықтан оны ірі логистикалық хаб ретінде де дамыту істері жүзеге асырылуда. Қорғастан 240 км темір жол желілері тартылып, оны Қытаймен байланысына терең мән берілуде.

Еліміздің аумағы үлкен, ал халық тығыздығы өте төмен болғандықтан мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде логистикалық хабтардың болуы міндетті. Олар тауар бағасына қосылатын пайызды төмендетіп, ел арасына тек жаңа тауар таратуға мүмкіндік береді. Елде сол бағыт бойынша бірнеше жұмыстар атқарылып келеді. Ақтөбе, Шымкент, Алматы, Астана қалаларында ірі бөлу логистикалық орталықтарын құру, оларды дамыту сияқты шаралар бар. Сол кешендерді құру барысында тек ел ішінде ғана емес, көрші мемлекеттерге де логистикалық сақтау қызметтерін ұсыну керекпіз. Қазақстан Орталық Азия аумағында ең негізгі стратегиялық логистикалық хаб болуы керек. Ол үшін ел аумағында қиылыс орталықтарды құрып, сол көрші елдер мұқтаж логистикалық операцияларды өз елімізде орындау арқылы пайда табу жолдарын қарастыру керек.

Қазақстан тек жер беті көлік қызметін емес, жер үсті көлік қызметін де ұсыну потенциалы өте жоғары деңгейде. Ел Үкіметі Алматы мен Астананы әлемдік авиа көлік хабтарына айналдыру жұмыстарын жүргізуде. Олардың ең бастыларының бірі ретінде әуежайларды барлық ұшақ типтерін қабылдай алатындай етіп халықаралық талаптарға сай етіп модернизациялау, азаматтық авиациядағы бар мәселелерді шешіп, елде қызмет көрсетіп жүрген әуекомпанияларының барлығының халықаралық «ИКАО» стандарттарына сай болуы. Мемлекеттің мүдделелілігі бұл жерде Қазақстанның әуе кеңістігінің транзиттік потенциалын арттыруда жатыр. Әлемдік транзитте осы уақытта ең қарқынды темппен автомобиль, әуе, су транзиті дамып, болашақ ойыншыларға айналады деп күтілуде. Сол тенденцияларды бақылай отырып еліміз осы

үш көлік түрін өте жоғары қарқынмен дамыту керек. Қазақстан 2020 жылға дейін Астанада «Астана» халықаралық қаржы орталығын құруды жоспарлады. Соның тиінақты, дұрыс әрі пайдалы жұмыс істеуі, ең бастысы, Астананың халықаралық қаржы астаналарымен байланысы деңгейіне тәуелді. Сондықтан ел Үкіметі 2020 жылға дейін әлемнің қаржы орталықтарына тікелей әуе рейстерін ашуды жоспарлады. Олардың ішінде Нью-Йорк, Цюрих, Токио, Сингапур, Бангкок, Гонконг секілді қалалар бар. Бұл елдің экономикасына инвестор тартудың бірден бір жолы болып табылады.

Елдің транзиттік потенциалын арттыру ісінде темір жол жүйесінің де маңызы өте зор. Елдегі темір жол қызметін дамыту әрі желі ұзындығын арттыру мақстанымен Жезқазған – Бейнеу, Арқалық – Шұбаркөл темір жол магистральдары, Иранға дейінгі темір жол эксплуатацияға берілді. Бірақ, Израиль ғалымдарының зерттеуі бойынша, әлемдік темір жол желісінің 30 пайызға жуығы өз қолдану уақытынан асып, модернизацияны талап етеді деген. Егер отандық ескі темір жолдарды Еуропалық стандарттарға сай етіп, оларды Халықаралық аренаға ұтымды шағара білсек абзал болар еді. Қазіргі Еуразиялық экономикалық одақтың құрамына кіретін Қазақстан, Беларусь пен Ресей арасындағы келісім бойынша Астана-Алматы-Мәскеу, Минск қалаларынан өтетін жоғарғы жылдамдықтағы теміржол магистральдарын салу жоспарланған. Қазақстанның темір жол желілері кеңестік дәуірден мирас болып қалып, олардың стандарттары сол заманғы болып қалды, ал оларды халықаралық байланыста басты күшке айналдыру үшін біз оларды халықаралық жол жүйесі бойынша жаңғыртып, Қытайдан шыққан поезд еш тоқтаусыз Қазақстан арқылы Еуропаға жете алу мүмкіндігіне ие болу керек. Бірақ елімізде 70 пайыз темір жолдары мен вагондары тозу деңгейіне жеткендіктен, оларды жаңарту өте жоғары көлемдегі шығын мен қаражатты, уақытты талап етеді.

Еліміздің осындай орналасуын барынша пайдалана білсек, әлемдегі стратегиялық ойыншылардың біріне айналып, геосаяси және геоэкономикалық позицияларымызды нақталап алар едік. Қазіргі елде жүргізіліп жатқан көлік

және логистикалық кешендерді дамыту бағдарламасы, шетелдік сарапшылардың айтуы бойынша, әлемдегі баламасы жоқ жобалар болып табылады. Қазақстанның шикізатқа байланған экономикасынан индустриалды-инновациялық экономикаға айналуының ең басты шарты, әрі талабы – экономика салаларын бір-бірімен байланыстырушы рөлін атқаратын көлік-логистикалық кешеннің өте жоғары деңгейде болуы және де елдің транзиттік әлеуетін арттыру. Осы екі категория мемлекеттің дамуын ілгерітеді.

ҚР-ның Көліктік Стратегиясында Қазақстанның әлемдік көліктік-коммуникациялық жүйенің бөлігі болу керектігі айтылған, ол өз кезегінде елдің көліктік инфрақұрылымын қарқынды дамытуды талап етеді.

Инфрақұрылымның дамуының деңгейі көліктік жүйенің тиімділігін анықтайды. Инфрақұрылымды дамыту келесі бағыттарда жүзеге асырылады:

көліктік құралдарды ақпараттық қамтамасыз ететін ғаламдық жүйені құру;

логистика қағидаларына сүйеніп оңтайлы көліктік инфрақұрылымды қалыптастыру, жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру үрдісінде барлық көліктердің арасында өзара байланысты қамтамасыз ету үшін мультимодальды көліктік дәліздерді құру, терминалдар мен көліктік-логистикалық желілерді құру.

ҚР-ның көліктік-логистикалық инфрақұрылымын дамытудың арқасында елдің көліктік жүйесі сапалы қызмет етудің жаңа деңгейіне ауысады, оңтайлы көліктік желі құрылады. Қазақстанның көліктік кешені әлемдік көліктік жүйемен интеграцияланады. Жағымды инвестициялық климат жасаудың арқасында көліктік кешеннің ұзақ мерзімді активтері жаңарады, еңбекті ұйымдастырудың озық технологиялары енгізіледі. Қазақстандағы барлық көлік түрлері өзара үйлесімді қатынаста болады. Интермодальды тасымалдаудың көліктік-логистикалық орталықтарының желілері құрылады. Көліктік жүйенің тиімділігін арттыру оны қазақстандық экономиканың бәсекегеқабілетті саласы болуын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. // <http://www.akorda.kz>

2 Романько Е.Б., Мусабекова А.О. Совершенствование транспортно-логистической инфраструктуры и транзитного потенциала Казахстана. <http://articlekz.com/article/11852>

- 3 Модуль транспортно-логистической системы Казахстана. <http://www.logists.kz>
- 4 www.government.kz/

References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti N.Nazarbaevtyн Kazakstan khalkyna Zholdauy halqyna . Nurly jol – bolashakka Bastar jol . <http://www.akorda.kz>
- 2 Romanko E.B., Musabokov A.O. Sovershenctvovanie transportno-logisticheskoi infrastruktury i tranzitnogo potentsiala Kazakhstana. <http://articlekz.com/article/11852>
- 3 Modul transportno-logisticheskoi sistemy Kazakhstana. <http://www.logists.kz>
- 4 www.government.kz/